

2004 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" N 1508 жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы "Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" N 1508 жарлығын іске асыру жөніндегі N 192 қаулысын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 9 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 5 мамырда N 3018 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы "Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" N 1508 Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы "Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" N 1508 Жарлығын іске асыру жөніндегі" N 192 қаулысын іске асыру мақсатында ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Облысқа белгіленген оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы 1-қосымшаға сәйкес орындауға қабылдансын.

2. Оралмандарды қабылдауға және жайластыруға байланысты мәселелерді жедел шешу жөніндегі облыстық штаб 2-қосымшаға сәйкес құрамында қ ұ р ы л с ы н .

3. Көші-қон комитетінің облыс бойынша басқармасы (келісім бойынша) квотамен келген оралмандардың қоныс аударуына, қабылдануына және жайласуына байланысты іс-шараларды қаржыландыру мәселелерін шешетін б о л с ы н .

Қалалар мен аудандардың әкімдері:

Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес тұрақты тұруға келген оралмандарды әлеуметтік қамтамасыз ету (соның ішінде зейнетақы, жәрдемақы төлеу) мәселелерін шешсін; оралмандарға кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға көмек көрсетсін;

оралмандардың отбасы мүшелерінің жергілікті жағдайға бейімделулеріне, жайласуларына, балаларын оқытуға, денсаулық сақтау мекемелеріне бекітілуіне мүмкіндік беретін жағдайларды жасасын;

оралмандардың отбасыларының еңбекке жарамды ересек адамдарын жұмысқа орналастыру (олардың біліктіліктеріне және мамандықтарына сәйкес), сондай-ақ оларды қажетіне қарай еңбек нарығында талап етілген мамандықтар бойынша, даярлау және қайта даярлау жөнінде шаралар қолданысын.

5. Облыс әділет департаменті (келісім бойынша) оралмандардың республика аумағында тұруы және жүріп тұруы үшін қажетті құжаттарын уақытында тіркеуді және рәсімдеуді қамтамасыз етсін.

6. Облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тұрақты тұруға рұқсат алған және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға тілек білдірген оралмандардың құжаттарын уақытында рәсімдеуді қамтамасыз етсін.

7. Қалалар мен аудандардың әкімдері, облыс әділет департаменті (келісім бойынша) және облыс ішкі істер басқармасы (келісім бойынша) осы шешімнің орындалуы туралы ақпаратты жыл сайын, қаңтар айының 20-на дейін Көші-қон комитетінің облыс бойынша басқармасына беретін болсын.

8. Облыс әкімінің 2004 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылдың 31 қазандағы "Оралмандардың 2004 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" N 1216 Жарлығын іске асыру шаралары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылдың 31 қазандағы N 1216 Жарлығын іске асыру туралы" N 1207 қаулысын іске асыру жөніндегі N 31 шешімінің (2004 жылы 16 ақпанда облыстық әділет департаментінде N 2298 тіркелген, 2004 жылы 16 наурызда "Звезда Приртышья" газетінде жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Келісілді:

*Облыс бойынша Көші-қон комитеті
басқармасының бастығы И. Әбдіхалықов*

*Павлодар облысы әділет департаменті
бастығының міндетін атқарушы И.Лигай*

*Облыс Ішкі істер басқармасының
бастығы М. Тұмарбеков*

Павлодар облысы әкімінің
2005 жылғы 25 сәуірдегі

2004 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" N 1508 Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы "Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" N 1508 Жарлығын іске асыру жөніндегі N 192 қаулысын іске асыру жөніндегі шаралар туралы облыс әкімнің N 9 шешіміне 1-қосымша

Павлодар облысы үшін белгіленген 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келетін оралмандар квотасы

N	Мемлекеттер	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	Барлығы
р/с		(отбасы)	(отбасы)	(отбасы)	(отбасы)
1.	Өзбекстан	5 5 0	3 0 0	5 5 0	1 4 0 0
2.	Ресей Федерациясы	2 5 0	2 5 0	2 5 0	7 5 0
3.	Монғолия	150	150	150	450
	Барлығы	950	700	950	2600

Павлодар облысы әкімінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі 2004 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" N 1508 Жарлығын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы "Оралмандардың 2005-2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" N 1508 Жарлығын іске асыру жөніндегі N 192 қаулысын іске асыру жөніндегі шаралар туралы облыс әкімнің N 9 шешіміне 2-қосымша

Оралмандарды қабылдауға және жайластыруға байланысты мәселелерді шешу жөніндегі облыстық штабтың құрамы

Жұмабекова Мағауияқызы	Рысты	облыс әкімінің орынбасары, төраға
Әбдіхалықов Бекболатұлы	Идият	облыс бойынша көші-қон комитеті басқармасының бастығы (келісім бойынша)
Штаб мүшелері:		
Берковский Александрович	Владимир	Павлодар қаласы әкімінің орынбасары
Балтабаева Ғалия Шәкірқызы		Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары
Воронин Николаевич	Александр	Ертіс ауданы әкімінің орынбасары
Вострейко Васильевна	Надежда	Качиры ауданы әкімінің орынбасары
Есенғұлова Оразалқызы	Сәуле	Ақсу қаласы әкімінің орынбасары
Зәкариянов Амангелді Шаймарданұлы		Май ауданы әкімінің орынбасары
Ильина Тамара Витальевна		Успен ауданы әкімінің орынбасары
Кәрімжанов Сарбасұлы	Бахриден	облыс білім беру департаментінің директоры
Қанаева Рысты Мойылжанқызы		Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы Павлодар облыстық филиалының директоры (келісім бойынша)
Қалышбеков Мұрат Бекенұлы		облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің директоры
Лигай Игорь Борисович		Павлодар облысы әділет департаменті бастығының міндетін атқарушы (келісім бойынша)
Мәмбетов Абай Қамалұлы		облыс ІІБ бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Марданова Айгүл Қамзаққызы		Железин ауданы әкімінің орынбасары
Рахметов Дүйсенбайұлы	Болат	Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары
Сағындықов Өзіханұлы	Нұрболат	Лебяжі ауданы әкімінің орынбасары
Ысқақова Зейноллақызы	Бекзия	Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары
Теміржанова Сағынтайқызы	Гүлістан	Шарбақты ауданы әкімінің орынбасары

Төлегенова
Қапсаметқызы

Гүлнара

облыс денсаулық сақтау департаменті
директорының міндетін атқарушы

Шәмкенова Роза Шәмкенқызы

Павлодар ауданы әкімінің орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК